

Түйте әулие қайда жерленген?

Шамамен XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Шегендікұлы Қозған (Ақ жігіт) атаның ұрпағы, ауырған адамның тамырын ұстап, үшкіріп, ем-дом жасайтын (тәуіп) Түйте әулиенің қонысы Баянаула өңіріндегі әулиелі Қызылтауда болған.

Қариялардың айтуынша, Түйте әулиенің жын-перімен алысқан жеріне әлі күнге шейін шоп шықпайды екен.


Ол әулиелі Қызылтаудан жырақ бір жерге бару үшін салт атқа мінбей, не арбалы көлікке отырмай, сол жерге лезде жетеді екен. Оның баратын жеріне қалайша жететінін ешкім де түсіндіріп бере алмайды. Дегенмен сондағы жұрттың айтатыны: Түйтені періштелер үлкен жылдамдықпен көкке көтеріп алып кетті. Ол жерде, айта кетсек, адамзат тарихында адам түсінігіне сыймайтын ғажайып оқиғалар көп болған. Олардың кейбіреуі біздің заманда да кездесіп тұрады. Мысалы, кез келген адамның кенеттен көзден ғайып болуы немесе ан болып кетіп қайтадан адам кейпіне



бір ғасырдан аса уақытта қабір басына ағаштан қнып салынған ескерткіш белгінің осы күнге дейін қалайша сақталғанына қайран қалдым.

Екінші бір дерек: 2009 жылдың жазында менің пәтеріме бұрын көрмеген жасы шамалап айтқанда 50-ден асқан денелі бір жігіт келіп, өзін Екібастұз қаласының тұрғыны Дәулет Қайыржанұлы Бекмағанбетов деп таныстырды да, менің 2008 жылы баспадан шыққан «Қаржас ұрпақтары» деген шежіре кітабымды сатып алуға келгенін айтты. Сонда мен одан өзінің Қаржас руының қайсы атасына жатасын деп сұрағанымда ол: «Жоқ, мен Қаржас емеспін, Қозған атаның ұрпағымын», - деді. Ендеше соған менің кітабымның қандайлық қажеті бар деп сұрағанымда оның айтқаны: «Мен Қозған руының шежіресін жазып жүрмін. Сондықтан сіздің жазған кітабыңыздан тәжірибе алайын деп едім». Осы әңгіменің орайында Дәулет Қозған руында Түйте әулиенің барын, өзінің 2007 жылы оның Төртқұдық поселкесінен әрі Ажы деген ауылдың жанындағы қабірі басына құлыптас қойғанын айтты.

Үшінші дерек: Семей қаласының статистикалық басқармасының хатшысы, «Семипала-



танық жеріндегі қабір

айналуы, денесін тастап, санамен саяхатқа шығып, осы дүние мен о дүниеде өмір суруі (бұл жөнінде Роберт Монроның «Денеден тыс саяхаттар» кітабында жазылған), т.б. осындай сыры әлі де ашылмаған құпияларға байланысты Жаратқанның Құран Кәрімнің 55-ші Рахман сүресінің 19-21 аяттарында: «Ол қосылып кету мүмкіндігі бар екі теңізді қатар ағызғып қойды. Бірақ араларына тоспа тастады да, қосылдырмады. Тәңірдің қай тағлымын жоққа шығара аласыздар?» - деп бекерге айтылмаған.

Түйте әулиенің көктемдегі қонысы (көктеуі) мен күздегі қонысы (күзеуі) Шідерті өзенінің жайылған жері - Ақкөл Жайылмада болыпты. Түйте әулие қоныс қылуына байланысты Ақкөл-Жайылмадағы тоғыз көлдің бірі оның құрметіне ертеден Әулиекөл деп аталады.

Осы әулиенің жерленген орны турасында қазірде менің білуімше үш түрлі дерек бар. Солардың ішіндегі бірінші дерек:

Баянауылдық өлкетанушы Алтынбек Жұматулы Құрмановтың дерегі бойынша әулиенің зираты Сілеті өзені бойында. «Зиратын ағаштан киіп салған екен, әлі тұр, басына барып дұға қылдым», - деп жазады Алтынбек ініміз 2006 жылдың 4 тамызында шыққан "Баянтау" газетінде «Баянаула жерінен шыққан атакты әулие адамдар» деген мақаласында. Оның осы дерегін оқып, жаңбырлы, боранды, аязды, аңызқастық әлі желді далада аз деп шамамен айтқанда

тивский листок» газетінің редакторы, 1906 жылы Семей облысынан сайланған Ресейдің Мемлекеттік думасының мүшесі, Сібірге жер аударылған, Жаяу Мұса Байжановпен қарымқатынаста болған, 1865 жылы туған Николай Яковлевич Коншиннің Семей қаласында шығып тұратын «Записки Семиналатинского подотдела Западно-Сибирского отдела императорского русского географического общества» деген журналының 1903 жылы 1-ші шығарылымында жарық көрген «О памятниках старины в Семипалатинской области» деген мақаласында: «В Аккульской волости около озера Аулиеколь есть небольшой курганчик, под которым погребен, по рассказам киргиз («казак» деп оқыңыз. С.Ж), святой Туйтэ», - деп жазылған. Түйте әулиенің мүрдесі осы Коншин айтқандай қазіргі Әулие көлдің жағасында екендігін Екібастұз қаласының әкімдігіне қарасты Екібастұз ауылдық округінің тұрғындары да айтады.

Сонымен Түйте әулиенің жерленген орнын анықтау мақсатымен газет оқырмандарының пікірлерін білгенді жөн көрдім. Өйткені, ерте ме, кеш пе, Қозған (Ақжігіт) атаның аруақты сыйлайтын ұрпақтарының да Түйте сияқты әулиенің жерленген орнына қомақты да көрікті кесене тұрғызатындықтарына күмән келтіруге болмайды, ағайын!

Серік Жаксыбаев,
Екібастұз қаласының
құрметті азаматы